

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы ОҚО  
бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

## *Жоба жұмысы*

**Тақырыбы: «МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН  
АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ»**

*Дайындаған: ОҚО Бәйдібек ауданы, Мыңбұлақ ауылы,  
«Бақыт» бөбекжай-балабақшасының әдіскері:  
Ташимова Шалқар Ажибековна*

*Қабылдаған: Туранова Г.Қ.*



# Жоспар

- **Жобаның мақсаты және міндеттері**
- **Кіріспе**
- **Негізгі бөлім**
  1. **Жаңа заман ағымына сай – жаңа технология**
  2. **Жаңа инновациялық технологиялар**
  3. **Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізгі ерекшеліктері.**
  4. **Оқытудың дәстүрлі құралдарына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы негізгі артықшылықтарын анықтап көрсету.**
  5. **Жаңа технологияның элементтерін пайдалану арқылы білімге қызығушылығын арттыру**
- **Қорытынды**
- **Қолданылған әдебиеттер тізімі**



## Мақсаты:

- ақпараттық – инновациялық технологияны мектепке дейінгі мекемелерінің үрдісіне енгізу бойынша ұжымның іс - тәжірибесін алмастыру, тарату.

## Міндеттері:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану басты ерекшеліктерін көрсету.
- - педагог мамандарды ақпараттық - коммуникациялық технологияны өз қызметтеріне енгізуге байланысты ұйымдастыру жүйесін жасау.



# Кіріспе

Елбасымыз Жаңа Жолдауында: «Білім беру саласының басты міндеті - 2010жыл-ға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту»- деген болатын.

Білім берудегі ақпараттық-коммуникативтік технология (АКТ) – оқу-әдістемелік құралдар жиынтығы, оқу процессіндегі есептеу техниканың техникалық және инструментальдық құралдары, білім беру мекемелері қызметкерлерінің (әкімшілік, тәрбиеші, мамандар) қызметін жетілдіру үшін, сондай-ақ балаларға білім беру үшін (даму,диагностика, коррекция) қолданылады.

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесін жаңарту және оның тиімділігін арттыру, сапалы байытуға айтарлықтай мүмкіндік береді.



# Жаңа заман ағымына сай – жаңа ТЕХНОЛОГИЯ

Жаңа заман ағымына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында орта білім берудің мақсаты- жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін- өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұлғасынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп нақты көрсетілген.

Заман талабына сай білім беру- бұл балаларды адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғарғы деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және баланың қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы, белсенді, қарқынды әдістеріне көшуді талап етеді.

Ондағы негізгі мақсат баланың барлығына және әр біреуіне сапалы білім игерту болып табылады. Сондықтан, ұстаз- мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктеледі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі- жаңа технология негіздері болып табылады.



Мектепке дейінгі мекемені ақпараттандыру процессінің негізгі бағыттары:

1. Ұйымдастыру:

әдістемелік қызметті жаңарту;

тәреилдық-техникалық базаны жетілдіру;

белгілі ақпараттық ортаны құру;

2. Педагогикалық:

Мектепке деингі мекемелер педагогтарының АКТ құзыретілігін күшейтеу;

Білім беру кеңестігіне АКТ енгізу.



# Жаңа ақпараттық технологиялар

- Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады.
- Компьютер – мұғалімнің басты көмекшісі. Ең біріншіден, ол мұғалімнің еңбегін жетілдіреді. Көптеген материалдарды, дайын сабақтарды реттеп сақтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютердің арқасында мұғалім әр сабаққа балалардың ерекшелігіне қарай және сабақтың мақсатымен міндетін ескере отырып, әртүрлі кеспелер, материалдар дайындай алады. Үшіншіден, сабақтың формаларын түрлендіре алады, яғни көрнекілік, әдістемелік, аудио және бейнематериалдар қолдана алады. Мұндай жұмыс сабақтың әр кезеңінде іске асырылады.
- Сонымен бірге, ақпараттық коммуникативтік технология сабаққа дайындалуда қосымша ақпаратты іздеуді кеңейтеді. Интернеттің іздеу жүйесі арқылы қызықты мәліметтер, көрнекіліктер таба аламыз. Сол жағынан да сабаққа дайындалу барысында әдістемелік көмек береді. Компьютер арқылы тұсаукесер сабақтарын, компьютерлік формадағы бақылау сабақтарын дайындауға болады.



## Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізгі ерекшеліктері.

- Ақпараттық-коммуникативтік технологияны мектепке дейінгі мекемелерде қолдану көптеген міндеттерді шешеді:
- - оқу үрдісіне қызметі тәсіл қолдау арқылы, оқыту процесін ұйымдастыру мүмкіндігі;
- - өз тұтастығын сақтай отырып оқу процесін даралау;
- - білім беруді ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету үшін тиімді басқару жүйесін құру






# Мектепке дейінгі ұйымдардағы ақпараттық технологияларды енгізу



- Мектепке дейінгі ұйымдардағы ақпараттық технологияларды енгізу басты шарттарының бірі – балалармен компьютердің техникалық сипаттамаларын білетін, компьютердің технологиялық мүмкіндіктерін білетін, олармен жұмыс жасаудағылары бар, компьютерлер пайдалануға қойылатын санитариялық нормалар мен ережелерді қатаң орындайтын, жаңа ақпараттық технологияларды мектепке дейінгі балалардың үйрету әдісін меңгерген мамандар жұмыс жасау керек.
- Осыны ескере отырып, бірінші кезектегі міндет оқытушылар компьютерлік сауаттылығын арттыру, енді олардың білім беру кешендер бағдарламаларымен, болашақта балаларға сапалы сабақ дайындап және өткізу үшін Интернеттің компьютер желісінің жаһандық ресурстарын пайдалана алады.



## Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары



# Интерактивті тақта, мультимедиалық және онлайн сабақтары

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиалық және онлайн сабақтары. Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған.
- 1. Оқу-тәрбиелік үрдістің сапасын арттыру, оны ғылыми-техникалық прогрестің осы заманғы деңгейіне көтеру;
- 2. Оқыту үрдісіндегі жекелеп, саралап оқыту идеяларын дамыту;
- 3. Оқушылардың компьютерлік білімін жетілдіру;
- 4. Жүйелі бақылау жүргізіп отыру, яғни оған балалардың білім деңгейін, икемділігін тексеру сияқты жұмыстарын жетілдіру үшін көмек беру.





## Жоспарлы-болжамдық :

Әдістемелік  
кеңестің  
қорытындысын  
талдау

Әдістемелік іс-әрекетті ұйымдастыру жұмысын жоспарлау педагогикалық ұжым алдында қойған міндеттерді шешуге бағытталған мақсаттарды жүзеге асыруға көмектеседі. Әдістемелік кеңестің жоспарын дайындауда мынандай ұстанымдарды басшылыққа алдық.

Ғылымилығы  
( жоспардың  
нақтылығы,  
шынайлығы)

Оптималдығы  
( үйлесімділігі,  
қолайлығы)

Мақсатқа бағытталған  
(жоспардың мақсаттары  
мен міндеттерін жүзеге  
асыру; (нәтижеге жеткізу)

Перспективалық  
(болашақтағы  
мақсат пен  
міндеттердің  
ескерілуі )

Жаңа технологияның элементтерін пайдалану  
арқылы білімге қызығушылығын арттыру

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН  
ОЯТУ

Топтау

Болжау

Ойлау

Түртіп алу

Жұпқа  
талқылау



# Қорытынды

- **Тақырыптың нәтижесі:** АКТ бойынша оқыту тиімді деп айта аламын. Осы әдіспен оқыту барысында, балалардың қызығушылығы арта түседі және білім сапасы жоғарылайды.
- Қорыта айтқанда, өздігінен белсенді әрекет ету арқылы білімді меңгерту қазіргі мұғалімнің негізгі талаптарының бірі. Сонымен мемлекеттік тілді оқыту жүйесіне ақпараттық технологияны еңгізу тілді саналы меңгертіп, байланыстыра сөйлеуде ғана емес, өскелең ұрпақтың ізденімпаздық әрі шығармашылық қабілеттерін дамытуда ықпалы зор және тіл меңгеруге деген қызығушылығы арта түсетіні айдан анық. Сабақтың мазмұнына байланысты кейбір мәселелер жөнінде қойылатын сұрақтар немесе балалардың өздерінің сұрақ қоя білуі мен жауап қайтарудағы тапқырлығы проблеманы түсінудің маңызды көрсеткіші екендігінің айқын дәлелі. Сабақтың барысында өз көзқарасын дәлелдеп, пікірін қорғай білуге талаптандыру, басқаларды да тыңдай білу және өз позициясын түсіне білуге, құрбы-құрдастарын ренжітпей, өз ойын қисынды айта білуге үйрету, сөйтіп, адамдар арасындағы, яғни, құрбыларымен, оқытушыларымен қарым-қатынасты дұрыс жолға түсіруге ықпал ету болып табылады.

# Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2008. – 23-б.
- 2. Қалым Г.М.. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар // Педагогикалық альманах, 2011. – 1.
- 3. Жұматаева Е. Жоғары мектеп дидактикасы. – Павлодар, 2006.
- 4. Түсіпова А. Компьютер-оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы. – Қазақстан мектебі, 2004. – №7.
- 5. Өтемұратова Б.С. Білім беруде ақпараттандырудағы мәдениеттанымдық аспектілер // Қазақстан кәсіпкері. – 2009. – №11.

